

6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. - Алматы: Атамұра, 1998. - 624 б.
7. Көпейұлы М. Қазақ шежіресі. - Алматы: Жалын, 1993. - 320 б.
8. Мұқанов М.С. Этнический состав и расселение казахов Семиреченской области. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1974. - 234 с.
9. Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. - Алма-Ата: Қазақстан, 1991. - 234 с.
10. Төлеубаев А.Т. Казахская традиционная культура: Этногеографический аспект. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 312 с.
11. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. - Алматы: Дәуір, 1993. - 416 с.
12. Зиманов С.З. Казахский суд биев - уникальная судебная система. - Алматы: Өлке, 2008. - 216 с.
13. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. - Алматы-Москва: Социнвест-Горизонт, 1995. - 320 с.
14. Қабдолов З. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы: Санат, 1997. - 544 б.
15. Кенжеахметұлы С. Шежіре тарихы. - Алматы: Атамұра, 2000. - 512 б.
16. Сейфуллин С. Тарих - көкөністер. - Алматы: Жалын, 1996. - 368 б.
17. Зиманов С.З., Өскембаев К. Қазақтың ата заңдары. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 186 б.
18. Ибрагимов С.К. Очерки по истории средневекового Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1991. - 256 с.
19. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Мектеп, 1993. - 304 б.
20. Қалижанов У. Қазақ даласындағы әлеуметтік қатынастар. - Алматы: Санат, 1997. - 168 б.
21. Нақысбек Н. Би мен шешен. - Алматы: Рауан, 1998. - 234 б.
22. Нұрмұратов С.Е. Қазақ халқының ежелгі діні. - Алматы: Санат, 1997. - 180 б.
23. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 416 б.
24. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 304 б.
25. Сыдықов Қ. Айтыс өнері. - Алматы: Өнер, 2000. - 256 б.
26. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
27. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. - Алматы: Дайк-Пресс, 1998. - 672 с.
28. Ерофеева И.В. Символы казахской государственности. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 256 с.
29. Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года. - Астана: Агентство РК по статистике, 2010. - 234 с.

КӨШПЕЛІ ДӘУІРДЕГІ АНАЛАР КУЛЬТІ МЕН ОНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Күнту Н.Ш., Адилхан А.Г., Абылқасым Н.Ж.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., қауым.профессоры Туякова А.Е.

Астана халықаралық университеті,

nursxzw1@gmail.com

Астана қ., Қазақстан

Ұлан байтақ ұшы қиырсыз шетсіз де шексіз көсіліп жатқан кең даламызды мекендеген дана халқымыз арасында кеңінен жайылған әйелдер қауымы туралы тараған, айтылған аңыз - әңгімелер көп - ақ. Өйткені, осы қоғамда мекендеген тіршілік өткен адамзат баласының жартысынан артығы әйелдер қауымы десек, артық болмас. Ендеше олар жайлы тараған ғажайып оқиғалы істерге еш тандануға болмайды. Олардың біреулері парасатты даналығымен, енді біреулері ерлеріне - жұбайларына серіктігімен, енді біреулері қол бастаған батырлығымен, қайсы біреулері жаны нәзік адал ажзүрек махаббатымен аты шыққандар. Мәңгілік ел есінде қалғандар. Олай болса, көшпелі дәуірдегі аналар культі мен оның этномәдени маңызы жөнінде зерттеу жүргізіп, сөз қозғау, арулардың ізін басқан танымал тұлғалар жөнінде сыр шерту қазақ қоғамына аса қажет дүние.

Көшпелі дәуірдегі аналардың ерлігі мен өрлігін, бойларындағы қасиет пен құрметті зерттей келе оның қоғам үшін маңызын айшықтай отыра, келер ұрпаққа бұл дағдыларды сіңіріп, ұлт үшін ұлы істерге барған аруларға ықпал етті деген болжам бар.

Тарихтың қатпарларына үңіліп, ерекшелігіне зер салатын болсақ, қазақ әйелдерінің айқын келбетін аңғарып, олардың ерлермен қатар еркін, сауатты болғанын аңғара аламыз. Нәзік жандылардың бойындағы тектілік ел дамуына қалай әсер етті деген сауал төңірегінде зерттеу жасай отыра, ғалымдардың пікіріне зер салып, ежелгі заманнан бастап, бүгінгі күнге дейін талдай жұмыстарын жүргізетін боламыз.

Зерттеу жұмысын жүйелі жүзеге асыру мақсатында тарихи дерекке толы кітап көздеріне шолу жасап, көшпелі дәуір мәдениеті мен аналар образына үңілеміз. Әйел тұлғасының келбетін жан - жақты ашу арқылы оның қоғамға ықпалын зерттейтін боламыз. Заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отыра көне архив құжаттарға үңіліп, көшпелі дәуірдегі аналар туралы деректер жинаймыз.

Тақырыпты тереңірек ашып, жан - жақты талдау үшін, Ш.Серікбайұлы жазған «Тұлғалар туралы толғаныс» тақырыбындағы тарихи - танымдық шығармалар жинағы, Ө.Көпіш құрастырған «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» кітабы, М.Зүкеновтың «Әлемнің құдірет күші - Аналар» тақырыбында еңбегі, А.Тойбай құрастырған «Даланың дана арулары» атты қазақ энциклопедиясы, А.Әміржанұлының «Бопай ханым қай жылы туылған?» атты мақаласы пайдаланылды.

Тәуелсіздігіміздің көк туының аясында халқымыз өзінің әлеуметтік және мәдени тегін терең тану үстінде. Ғылыми зерде түбегейлене түскен сайын ауызекі аңыз бен шежіреге арқаланған байырғы тарихи сана орнын байламды тұжырымдар ығыстырып жатыр. Өткен заманалар болмысының асуы мен тосқауылын, белесі мен бөгетін дәл басып ажыратып, кемшілігінен тағылым сүземіз, артықшылығын сараптап, кәдемізге жаратамыз - тарих сабағы тегін қалмайды. «Ескіні алмай - жаңаға жол жоқ» дейді халық даналығы жалғастық дәуірі хақында. Алайда, тарих - дәйім даму үстінде. Сондықтан бұл салада әлі де атқарылатын міндет мол, ашылатын жаңалықтан да үміт үзбейміз.

Қазақ халқымыздың тарихи тұлғасы мен бітімін тануымыз күрделене де, тереңдей де түседі. Ғалымдарымыз ғасырлар қатпарының қалтарыстары тұтқан ұлттық мәдениеттің тарихи мұрағаттарын заңды иесіне қайта ұсынып, қуаң тарта бастаған күре тамырына нәр бітіріп, көсегесін көгерту үстінде. Алайда, халықтың әлеуметтік - тарихи болмысын саралау оның рухани бітімін танып - білумен астасып жатыр.

Тарихты талдай отыра таңғажайып тұлғалардың болмыс - бітімін байқап, олардың әлі күнге ел ауызында сақталып келе жатқанын байқаймыз. Оның ішінде нәзік жанды аруларымыз да бар. Көшпелі дәуірден бастап ақ жаулықты аналарымыз өздерінің ақылы мен парасаттылығымен ерекшеленіп, талай ақынның жырына арқау болды, талай жазушының қалам тартуына үлес қосты. Аты аңызға айналған аналарымыз жөнінде сыр шертсек.

Қазақтың ежелгі тарихында әулие атанған тұңғыш әйел, қазақ әйел - келіндерінің сиынатын тұңғыш енесі - Ұмай ана. Ертедегі түркілер мифологиясында әлемдегі әйел - ана мен жер - ананы бейнелейтін, тұқым өндіретін және бала тудыратын әйел тәңірісі бастауын бейнелеуші Құдай - әйел, өнімділік пен бала туу Құдайы. Алғаш рет жазба деректерде Ұмай аты түркі әскерлеріне жеңіс әкелуші әйел - Құдай есімі түрінде ұсынылады. Ұмай есімі солтүстік Моңғолияда Тоныккөк пен Күлтегін құрметіне қойылған көне түркі жазба нұсқаларында кездеседі.[1, 22 б.]

Ұмай Құдай - әйел бейнесі қазіргі кездегі көптеген түркі халықтарының этнографиясында кездеседі. Садақ оғымен бірге Ұмай - ананың басты сақтаушы нышаны ретінде солтүстік халықтарында балалардың бесігінің үстіне ілінген. Телеуіттер Ұмайды толқынды күміс шашты, аспаннан түсіп, балаларды алтын садақтың көмегімен қорғаушы сұлу жаса әйел бейнесінде қабылдаған. Қазақтар, қырғыздар, өзбектер, алтай түркілері және басқалардың көзқарасы бойынша, Ұмай ауыр босану кезінде көмектеседі және сәбилерді қас күштерден сақтайды, балаларға бақыт, денсаулық әкеледі. Ұмай өмір сыйлаушы болып табылады, одан баласы жоқ немесе аз балалы жұбайлар, кішкентай сәбилері қайтыс болған әйелдер бала сұраған. Түрік мифологиясы сюжеттерінде Ұмай - Құдай - әйел Омаджи рухы түрінде ұсынылады. Қырғыздар Ұмайды мол астық және мал есімімен байланыстырады. Бұл Тәңірге бірқатар дәстүрлер, сенімдер, түрлі тыйымдар, ырымдар, жаңа туған нәрестелер мен олардың аналарын қорғап - сақтауға бағытталған сиқырлық тәсілдер мен арнаулы дұғалар кешендері қатысты болған. Ұмайды үй ошағын сақтаушы және оның иесі ретінде тану кеңінен тараған. Қазақтар - да өз таңдаулысының босағасын аттаған келін ошаққа Ұмай - ана рухы өмір сүретін орын ретінде сәлем жасаған. Түркі халықтары этнографиясында бұл - Тәңірінің отбасылық - тұрмыстық дәстүрлік деңгейі Ұмай бейнесінің ертеде және Орта ғасырларда кеңінен қолданылған маңызының куәсі іспеттес.

Бәйдібек заманымен бірге жасап, ел аузында қастерленіп келе жатқан киелі есімнің бірі - Домалақ ана. Азан шақырып қойған аты - Нұрила. Ол - түркістандық Шайхы - Мазамбектің қызы. Ал, кейбір деректерде оны Мақтым ағзамның жалғыз ұлы Әли - сыманның қызы деседі. Нұрила болмысында шағын денелі, қимылы жіті, барынша кішіпейіл, майда тілді жан болған. Өзі болжампаз,

алдағы күннің жайын ойлап айтар сөзі ақиқатқа ұласып жататын көрегенді, қасиеттің иесі еді деседі. [2, 100 б.]

Нурилла әжеміз төңірегіне мейірім шапағатын шашқан, алдағы күнін ертеден ойлаған, болжамын ақиқатқа айналдырған, бойы шағын адам болған. Бойына қарап жұрт «Домалақ ене», «Домалақ ана» деп атап кеткен. Сөйтіп, ол қазақтың анасының анасына айналған. Ене деп сыйлау, құрметтеу әулие санау Ұмай анадан кейін осы жанға қонды десек, қателеспеген болар едік. Домалақ ананың көріпкелдігі туралы да ел аузында көп айтылады.

Аты аңызға айналған ару қыздардың бірі - Айша бибі. Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, қазіргі Тараз қаласының жанындағы, сонау скифтер заманынан бастап - ақ қазақтың қолөнеріне енген, содан бері қолданылып келе жатқан ою - өрнек, әшекей түрлерінің бәрін камтитын күрделі архитектуралық әсем ескерткіштің иесі.

Жамбыл облысының аумағындағы Тараз қаласына жақын жерде орналасқан Айша бибі кесенесі қазақстандық жаңа отау тікке жастардың бас иіп, тәубе ететін киелі жеріне айналды. Мұсылман сәулет өнерінің тамаша үлгілері бойынша салынған бұл керемет кесене туралы халық арасында романтикалық сарындағы аңыз - әңгіме сақталған. Бұл аңыз - әңгіме кейін Б.Әбілдаевтың «Айша Бибі» пьесасын жазуына өзек болды. [1, 35 б.]

Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекеттік қорғауға алынған.

Сәл кейінірек, қоғам даму заңдылықтарына сай өнер - ғылыммен де араласып қоғамнан лайық орын алғандар. Атап айтсақ, «Жиренше», «Аяз би» аңыз ертегілеріндегі данағөй қыздар Қарашаш, Менсұлу, «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Ертарғын» батырлар жырындағы қысылғанда жар тірегі, серігі болған ақылды да байыпты болжампаз қыздар Гүлбаршын, Құртқа, Назым, Ақжүніс сұлулар ғасырлар бойы есімдері ел есінде емес пе. Ел басына екі талай күн туғанда ел қорғаны халық батырлары Қабанбай батырмен жауға бірге шауып, найза түйреген Гауһар қыз, Қабанбай батырдың нақ сүйер жан жары емес пе. Кешегі отарлау саясатына қарсы тұрып, он жыл патша жеңдеттерімен соғысқан үш жүзге Хан атанған Кенесары Қасымұлының туысы Бопай ханымның ерлігін кім ұмытады. Кенесары қысылған қан майданда Бопай батыр ағасына күш - қуат тыныс бола біліп, кейінгі қазақ қыздарына үлгі боларлықтай ерліктің, табандылықтың өнегесін қалдырып кеткен жоқ па. Қазақ әйелдері даналық, батырлық үлгісінен басқа да адамгершілік қасиеттердің толып жатқан мәңгі ұмытылмас, ешқашан да ескірмейтін өнегелі істерін қалдырған. Осыдан жүздеген, мыңдаған жылдар өтсе де, күні бүгін ғана болғандай ұмытылмайтын кім де болса басынан өткеретін, ғашықтық махаббатты сүйіспеншілікке берілген ләзатты ғұмырлар бар. Мысалға, «Ләйлі - Мәжнүн», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік - Кебек», «Қалқаман - Мамыр» жырларындағы қыздар есімдері көпшілікке мәлім. Бәрінің іс - қимылы, ғашықтық әрекеттері қай қазақ қызын қызықтырмайды. Біреулері қысылғанда қиыннан жол табатын дана қыз Қарашаш пен Менсұлуды сүйіп өссе, енді біреулері батыр қыздар Гауһар мен Бопайды өнеге етеді. Солардан ұлы өнеге алған бүгінгі таңда қаншама қазақтың әйелдері, қыз - келіншектері бар десеңізші. Олардың саны мыңдап табылады.

Батыр аналарымыздың ел басына күн туғанда ер азаматтарымызбен бірге қолына қару алып, туған жерін қорғағандары қазақ тарихында болғаны ақиқат. Олардың өшпес ерліктері елдің санасында қалғанын бәріміз жақсы білеміз. Сондай батыр аналарымыздың бірі Бопай ханым. Әбілқайыр ханның жұбайы, ел басқару ісіне араласып, келелі мәселелерді шешкен, өте сұлу әрі өжет, тілге шешен жан болған. [3, 2 б.]

Қазақ қыздарына тән өз халқына деген адалдық, ел - жұртын сүйу, оған қалтқысыз қызмет ету, ел басына күн туғанда білек сыбана ерлермен бірге жауға қарсы күреске шығу, даналық, батылдық, ержүректік сияқты қасиеттердің сонау көне дәуірден бастау алып келе жатқанын байқаймыз. Қазақ қыздарының табиғатынан ержүрек, өжет келетіні жөнінде өзге елдердің игі жақсылары да жылы лебіздерін білдіріп отырған.

Ежелден - ақ қазақ әйелінің ізеттілігі мен ақылдылығы, өжеттілігі мен тапқырлығы, ерлігі еуропалық ғалымдардың өзін бей - жай қалдырмағаны байқалады. Тарихшы, этнограф ғалым Лев Гумилев: «Көне түріктер» деген еңбегінде: «Түріктер әйелдерді сал - серідей құрметтейді. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен. Содан барып әкесіне сәлем берген», - деген сөзі дала қазақтарының қыздары мен анасын ардақтап, әйел сыйлай білетін халық екендігін ескертсе, орыс ғалымы Г.Потанин қазақ қыздарының он саусағынан өнер тамған шетінен шебер, іскер, еңбекқор екендігі жөнінде сүйсіне жазады. [4, 20 б.]

Расында да, көшпелі дәуірден басталған аналар культі және қоғамдағы этномәдени маңызы ұрпақтан ұрпаққа жалғас тауып, бүгінге дейін үзілмей, жалғасып келеді. Заман өзгергенімен, бойдағы тектілік пен қалыптасқан қағида қазақ қыздарының бойына дәнек болып себілгені ақиқат.

Кешегі Ұлы Отан соғысында батырлығы әлемге әйгілі болған Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш мұғалима Хусни Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова, инженер әйелдері өнеркәсіп академиясын бітірген Мадина Берғалиева инженер - гидротехник әйел, профессор Әмилә Арықова, әйелдер арасынан шыққан биология ғылымының докторы Нәйлә Оразғұлқызы Базанова, әдебиет өнер саласында КСРО Мемлекеттік сыйлығы иегері Күләш Байсейітова, биші Шара Жиенқұлова, журналист Нәзира Құлжанова, тұңғыш дәрігер әйел Санк - Петербург әйелдер мединститутын 1908 жылы бітірген Гүлсім Жағыпарқызы, Мәриям Сейітжағыпарқызы Аспандияровалар. Қазақстан халық жазушысы - ақын, ғалым докторы Турсынхан Әбдірахманова, КСРО суретшілер мүшесі болған қазақ әйелдері арасынан Айша Ғалымбаева, Халықаралық Д.Ж.Неру атындағы сыйлық иегері ақын Фариза Оңғарсынова, қазақ қыздары ішінен Ұлыбританиядағы халықаралық өмірбаян орталығына тіркеліп, «Жыл адамы» құрметті атағын алған жас ғалым Шарипа Бисариева «әлемнің әйгілі әйелдері» мен Роза Бағланова, жез таңдай әнші Роза Рымбаева, белгілі қоғам қайраткері Алаш партиясының басшысы Әлихан Бөкейхановтың қызы Садуақасова Елизавета Москва мемлекеттік медицина факультетін бітірген медицина ғылымының докторы, професор, Торабаева Гүлбарам Иманбекқызы Орта Азия мемлекеттік университетінің факультетін 1931 жылы бітірген медицина ғылымының әйелдер арасынан шыққан тұңғыш докторлардың бірі. [5, 8 б.]

Байқағанымыздай, көшпелі дәуірден келе жатқан ұлтқа тән ұлылық кейінгі дәуірге дейін қоғамдық аналар бейнесін қалыптастырып тұлғалық дамуға ықпал еткен.

Қорытындылай келе, тарихта талай даңқты әйелдер өшпес із қалдырғаны, адамзат дамуына өзіндік үлес қосқаны аян. Бүгінде халықтың азаттық жолындағы күресін бастаған, ел билеген ұлы адамдарға серік әрі ақылшы болған, мансап биігіне көтерілген, тарих ағымын күрт өзгерткен әйел есімдері көп екені ешкімге құпия емес. Солардың арасында өз уақытынан озған арулар, біз мақтан тұтатын және жас ұрпақ еліктеуге тұрарлық нәзік жандылар жетерлік.

Қазақ халқы дербес мемлекеттігін құрып, өз атымен тарих сахнасына шыққалы бері қастерлеп келе жатқан қасиетті әйелдер өте көп. Ертеде өмір сүрген Айша бибі, Баян сұлу, Қыз Жібек, Домалақ ана, Құртқа тағы басқа сондай арулардың есімі бізге ауыз әдебиеті, аңыз - дастан, мазар - ескерткіштер арқылы жетті.

Қоғамдық құрылыс ауысқанда жаңа өкіметтің халық мүддесіне қызмет етуіне ат салысқан қыздар, сондай - ақ, екінші дүниежүзілік соғыста Әлия мен Мәншүк сынды майдан даласында ерлік көрсеткен аяулы қазақ арулары қаншама! Бейбіт еңбекте, әдебиетте, өнер мен мәдениеттің бар саласында халық құрметіне бөленген қыз - келіншектер қатары да жетіп артылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: аңыз аналар мен ару қыздар ; [құраст. Ә. Көпіш] .- Алматы : Өнер , 2016.
2. Тұлғалар туралы толғаныс : драмалық, әдеби-публицистикалық, тарихи-танымдық шығармалар / Серікбайұлы, Шайхислам ; ред. алқасы: Р. Бердібаев [ж. б.]; жауапты ред. Б. Кәрібозұлы... - Астана : Фолиант, 2009. - 358 б
3. Әміржанұлы, А. Бопай ханым қай жылы туған? / А. Әміржанұлы // Атырау. - 2018. - 8 наурыз (№ 20-21). - 8 б.
4. Даланың дана арулары / А. Тойбай ; [суретші Ә. Бақтыгерей]... - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2019. - 318 б.
5. Әлемнің құдірет күші - Аналар/ М. Зүкенов ... - Өскемен : Шығыс ақпарат, 2012. - 151 б

БАЛАСАҒҰН АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Қанат М.Д.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, тарих магистрі Адильбаев А.М
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
miras.25.01.04kz@gmail.com
Қарағанды қ.

Баласағұн қаласы - ортағасырлық түркі халықтарының ең ірі және маңызды мәдени-тарихи орталықтарының бірі болып саналады [1, 256]. Қала өзінің мыңжылдықтар бойындағы даму барысында сан қилы тарихи кезеңдер мен саяси өзгерістерді бастан өткерді. Ол көптеген шапқыншылықтар мен